



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 024 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

2003 жылғы 8 қазан

### Қаржы рыногындағы ағымдағы жағдай туралы

**1. Инфляция.** Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің ресми деректері бойынша 2003 жылдың қыркүйек айында инфляция 0,4%-ті құрады (2002 жылғы қыркүйекте – 0,1%). Тұтыну тауарлары азық-түлікке жатпайтын тауарлардың 1,0%-ке және ақылы қызмет көрсетудің 0,6%-ке қымбаттауы салдарынан өсті, азық-түлік тауарларының бағасы өзгеріссіз қалды.

Азық-түлік тауарлары құрылымында негізінен жұмыртқа - 8,1%-ке, сүт - 3,4%-ке, ұн-2,2%-ке, нан - 1,3%-ке қымбаттады. Алайда, осы өсім бағаның көкөніс пен жеміс-жидектерге - 5,7%-ке, қантқа - 2,8%-ке арзандауымен өтелді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарларға баға негізінен бензиннің 7,7%-ке (жыл басынан бері – 14,7%-ке) едәуір қымбаттауы есебінен көтерілді. Сондай-ақ киімге, жеке бастың гигиенасы тауарларына, газеттерге, кітаптарға және кеңсе тауарларына – әрқайсысы 0,5%-ке, аяқ киімге – 0,4%-ке баға көтерілді.

Халыққа ақылы қызмет көрсету арасында білім беру –4,6%-ке, оның ішінде жоғары білім – 10,1%-ке біршама дәрежеде қымбаттады. Жолаушылар көлігі және демалыс, ойын-сауық және мәдениет салалары ұйымдарында қызмет көрсетудің тарифтері мен бағалары - 0,9%-ке, медициналық қызмет көрсету – 0,4%-ке өсті. Тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету ішінде жылу беру 0,4%-ке қымбаттады.

2003 жылдың 9 айында инфляция деңгейі 2,8% (2002 жылдың 9 айында – 3,5%) болды, сонымен бірге азық-түлік тауарларының бағасы – 1,8%-ке, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы –4,7%-ке, халыққа ақылы қызмет көрсету – 3,0%-ке өсті.

2003 жылғы қыркүйекте инфляция жылдық көрсетуде 5,9% болды

**2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары.** 2003 жылғы қыркүйек айында Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағалармен алғанда 7,7%-ке (немесе 349,9 млн. долл.) өсіп, 4,9 млрд. долларға жетті. Ұлттық Банктің ішкі рыноктан валюта сатып алуы және Қаржы министрлігінің шоттарына валюта түсуі таза валюта қорларының 323,1 млн. долл. өсіп, 4,3 млрд. долларға дейін толықтыруға жағдай жасады. Алтынмен активтер Ұлттық Банк жүргізген операциялар және оның әлемдік рыноктардағы бағасының 3,6%-ке ұлғаюы нәтижесінде 26,8 млн. долларға 659,9 млн. долл. дейін өсті.

Елдің халықаралық резервтері, тұтастай алғанда, Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 2,8 млрд. долл.) қыркүйекте 6,0%-ке өсті және 7,7 млрд. долл. болды.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтерінің өсуі 2003 жылғы қыркүйекте ақша базасының 13,3%-ке ұлғайып, 294,4 млрд. теңгеге жетті (жыл басынан бері 41,4%-ке ұлғайды).

2003 жылғы тамыз айында ақша массасы 0,5%-ке өсіп, 911,1 млрд. теңгеге дейін жетті (жыл басынан бері өсім 19,1%). Банк жүйесі талаптарының Үкіметке және сол сияқты экономиканың басқа секторларына өсуі салдарынан оның ішкі активтерінің 9,1%-ке көбеюі ақша массасы өсуінің негізгі факторы болды.

Айналыстағы қолма-қол ақша (M0) тамыз айында 2,5%-ке өсіп, 208 млрд. теңгеге дейін жетті, ал ақша массасының құрылымында банк жүйесіндегі депозиттер шын мәнінде өзгерген жоқ. Бұл ақша массасы құрылымындағы резиденттердің депозиттері үлесінің 77,6%-тен 77,2%-ке дейін және ақша мультипликаторы мәнінің 3,52-ден 3,50-ге дейін төмендеуіне әкеп соқты.

### **3. Қаржы рыногы.**

**Валюта рыногы.** 2003 жылғы қыркүйек айы ішінде теңгенің айырбас бағамы бір доллар үшін 147,28-148,97 теңге шегінде ауытқыды. Бір айда теңге 1,02%-ке құнсызданды және айдың соңында оның биржалық бағамы бір доллар үшін 148,97 теңге болды. Жыл басынан бері теңгенің АҚШ долларына номиналдық нығаюы 4,41%-ті құрады және алдын ала деректер бойынша нақты нығаю –6,5% болды.

Қыркүйек айында биржалық операциялардың қосымша сауда-саттықтағы мәмілелерді қоса алғандағы көлемі 12,0%-ке өсіп, 642,4 млн. долларға жетті (2002 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда – 2,8 есе дерлік өсті). Жыл басынан бері биржалық операциялардың көлемі 4,3 млрд. доллар болды.

Биржадан тыс валюта рыногындағы операциялардың көлемі 14,3%-ке өсіп, 603,8 млн. долл. болды (2002 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда – 1,5 есеге өсті). Банкаралық валюта рыногындағы операциялардың көлемі жыл басынан бері 4,7 млрд. доллар болды.

**Бағалы қағаздар рыногы.** 2003 жылғы қыркүйекте Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздар эмиссиясының көлемі 1,5 есеге ұлғайып, 10,5 млрд. теңгеге жетті. Бұл олардың айналыстағы көлемінің 5,2%-ке көбейіп, 131,9 млрд. теңгеге жетуіне себеп болды.

Ағымдағы жылдың қыркүйек айында 10-жылдық мемлекеттік бағалы қағаздар (МЕОКАМ10) айналысқа шығарылды. МЕОКАМ10 бойынша небары 2 аукцион болды. Орналастырудың жалпы көлемі 2,27 млрд. теңгені құрады.

Сонымен бірге, қыркүйек айының ішінде кірістілігі 5,30%-тен (27.05.02ж.) 5,99%-ке дейін өскен 3 айлық МЕККАМ, кірістілігі тиісінше 6,09%-тен (4.08.03ж.) 5,76%-ке дейін және 6,45%-тен (18.08.03ж.) 6,30%-ке дейін төмендеген орта мерзімді 3 жылдық және 5 жылдық МЕОКАМ шығарылды. Қаржы министрлігінің сыйақы төлеуді қосқанда мемлекеттік бағалы қағаздарды өтеуі 2003 жылғы қыркүйекте 4,8 млрд. теңге болды.

Нәтижесінде тамыздың екінші жартысында басталған айналыстағы ноттар көлемінің төмендеу үрдісі жалғасты. Қыркүйекте айналыстағы ноттар көлемі 4,7%-ке төмендеп, 209,0 млрд. теңге болды. 2003 жылғы 6 қазанда Ұлттық Банктің айналыстағы ноттарының көлемі 2003 жылғы 17 тамыздағы ең жоғарғы 229,8 млрд. теңгеден 13,4%-ке төмендеп, 199,0 млрд. теңгені құрады.

Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі қыркүйекте олар бойынша кірістіліктің 5,22%-тен 5,07%-ке дейін төмендеуі кезінде 2 есеге азайып, 26,7 млрд. теңге болды. Нәтижесінде айналыстағы ноттардың көлемі 4,7%-ке төмендеді және қыркүйектің соңында 209,0 млрд. теңге болды.

2003 жылғы қыркүйекте Ұлттық Банктің тікелей репо операциялары бойынша мәмілелер көлемі 28,54 млрд. теңге болып, 21,1%-ке азайды, ал кері репо операцияларының көлемі 45,2%-ке өсіп, 3,0 млрд. теңге болды.

**Банкаралық ақша рыногы.** 2003 жылғы қыркүйекте банкаралық ақша рыногында ұлттық валютадағы өтімді құралдарды орналастыру бойынша банктердің белсенділігі артты. Бір айда орналастырылған банкаралық теңгелік депозиттер орташа алынған сыйақы ставкалары (3,96%-тен 5,57%-ке дейін) едәуір өскен кезде 25,4%-ке көбейіп, 30,2 млрд. теңге болды.

Валюталық қарыз арудың негізгі көлемі АҚШ долларында орналастырылған депозиттер есебінен жүзеге асырылды. Олардың көлемі қыркүйек айында 2,3%-ке төмендеп, 3,4 долл. теңге болды, ал кірістілік деңгейі 1,13%-тен 1,14%-ке шамалы көтерілді.

Басқа валюта түрлерімен банкаралық қарыз алу көлемі шамалы болды.

**4. Банк секторы** (алдын ала деректер). 2003 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша 36 банк жұмыс істейді, оның ішінде 3 мемлекеттік («Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-на лицензия берілді), шетелдің қатысуымен (Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің еншілес банктерін қоса алғанда) – 16.

Қыркүйектің соңына қарай банктердің жиынтық активтері 1,5 трлн, теңгеге жетті (валюталық баламасы – шамамен 10,3 млрд. АҚШ доллары). Банктердің заңды және жеке тұлғаларға кредиттері 903,0 млрд. теңге болды (шамамен 6,2 млрд. АҚШ долл.).

**5. Банкноттар мен монеталар дизайнының тұжырымдамасын қабылдау туралы.** Банкноттар дизайнын әзірлеудің тәжірибесін назарға ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен қазақстан теңгесінің банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасы бекітілді (бұған дейін қолданылып жүрген 1997 жылғы 11 қарашадағы № 3745 Тұжырымдама монеталардың дизайнына қойылатын негізгі сипаттар мен талаптарды ғана айқындайды).

Тұжырымдама банкноттар мен монеталар дизайнын әзірлеген кезде міндетті және рұқсат етілген бейнелеу элементтерін белгілей отырып банкноттар мен монеталар дизайнын әзірлеуге қойылатын негізгі талаптарды айқындау мақсатында қабылданды. Бұдан басқа, Тұжырымдама айналыстағы монеталар, коллекциялық және инвестициялық монеталар дизайнын әзірлеуге қойылатын негізгі талаптарды белгілейді. Банкноттар дизайнының функциясына олардың эстетикалық мазмұны ғана емес, қолдан жасаудан қорғау да кіреді.

Қазіргі уақытта қазақстандық теңге қорғау элементтерінің жиынтығы, пайдаланылған техникалық тәсілдері, орындалуының күрделілігі бойынша әлемдегі жетекші валюталармен қатар тұрады.